**ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы**

**БЕКІТІЛДІ**

**ЖШС «Медина»бөбекжай**

балабақшасының директоры: **МанаеваГ.Ж.**

# «Айгөлек» ортаңғы тобына арналған 2023 - 2024 оқу жылының перспективалық жоспары

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қыркүйек айы, 2023 - 2024 оқу жылы

| **Даму дағдылары** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттердідамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**Бірқалыпты,аяқтыңұшымен,саптабір-бірден,тура,шеңбербойымен жүру дағдысын жетілдіру.<br>**Жүгіру.**Бірқалыпты,аяқтыңұшымен,саптабір-бірден, тура, шеңбер бойымен жүгіру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), доптыбір-біріне домалату. Допты жоғары лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру.<br>**Еңбектеу.** Заттарды айналып жәнезаттардыңарасыменеңбектеу дағдысын жетілдіру<br>**Секіру.**Тұрғанорнындақосаяқпен дағдысын жетілдіру.<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>Кеудегеарналғанжаттығулар: доптыбір-бірінебасынанжоғары(артқажәнеалға)беру,жан-жаққа(солға-оңға) бұрылу;<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою қимылдарын орындауға үйрету.<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>**Сөздік қор.**Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**Сөздерді, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдау |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.**Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, сұрақтарға жауап беруге, сәлемдесуде, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. |
| **Танымдықжәнезия ткерлікдағдылард ыдамыту** | **Математика негіздері** | **Сан.**«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**Шама.**Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік аласа) салыстыруды үйрету.<br>**Геометриялық фигуралар.**Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**Өзінің дене мүшелерін бағдарлауды үйрету.<br>**Уақытты бағдарлау**. Таңертең кешке тәулік бөліктерін бағдарлауды үйрету |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | «Мен»бейнесін,құрдастарын,өзінбалаларқоғамыныңбірмүшесіретіндесезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>**Заттық әлем.**Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін,пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Топтағы заттар, ойыншықтар, кітаптар ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпсақтауға баулу. Балаларды әдептіқарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгімезгілдеріндегі ауа-райыныңжай-күйінбелгілеуге үйрету. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. |
| **Шығармашылықдағдыларын,зе рттеуіс-әрекетіндамыту** | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (ойыншықтар), дөңгелек пішінді (шарлар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді, сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширатутәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету.(ойыншықтар). |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып,тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету. |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету.<br>**Ән айту.**Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту дағдыландыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен |

| | | |
|---|---|---|
| | | бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.** Балаларды музыкалық аспаптармен: сылдырмақ, маракаса сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **Қазан айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттердіда мыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, әртүрлі бағытта жүруді қалыптастыру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүруге үйрету.<br>**Жүгіру**.Бірқалыпты,алаңныңбіржағынан екінші жағына, шашырап жүгіруге үйрету.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оңжәне сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, допты жоғары лақтыру, төмен -еденге(жерге) соғу,қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, гимнастикалыққабырғағаөрмелеу жәнеодан түсу(биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру**. Қосаяқпенқұрсауданқұрсауғасекіруді үйрету<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Заттардыбірқолынанекіншіқолынасалу, солға,оңғабұрылу(отырғанқалыпта); қолдардыалғасозып,жартылайотыруды үйрету.<br>**Қимылдыойын.** Қарапайым ережелерді сақтауға,қимылдардыүйлестіруге,кеңістіктібағдарлауға үйрету. |
| **Коммуникативтікдағд ылардыдамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор.** Ойынжаттығуларыарқылыкеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттардыжалпы(көкөніс пен жемістердің)белгілерібойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу**. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға дағдыландыру. |
| | **Көркем әдебиет** | Ертегілерді тыңдай білуге, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Қазақ тіліне тән ә, қ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуғабаулу.<br>**Сөздікқор.**Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатынтуыстыққатынасқабайланыстысөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас»),көкөніс-жемістердің атауларынайтужәнетүсінудағдыларын қалыптастыру, санамақтар жаттауғабаулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және |

| | | |
|---|---|---|
| | | сынесім) үйрету. |
| **Танымдықжәнезияткерлікдағдылардыдамыту** | **Математика негіздері** | **Сан.** Біртекті заттарды топтастыружәнеолардыңбіреуінбөліпкөрсетуді үйрету.<br>**Шама.** Бірдей заттарды салыстыруға үйрету.<br>**Геометриялық фигуралар.** Шаршымен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзініңденемүшелеріноң-сол қол аяқ бағыттарын анықтап, ажыратуға үйрету.<br>**Уақытты бағдарлау**. Таңертең кешке тәулік бөліктерін бағдарлауды үйретуді жалғастыру. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. Балалардыотбасыбейнеленгенфотосуреттердіқарауға,отбасымүшелерін, олардыңіс-әрекеттерін атауға,өзінің отбасы,отбасылық қарым-қатынастуралыәңгімелеп беруге, жақындарынақамқорлықтанытуғабаулу. («Отбасы» «Дастархан жаямыз»)<br>**Заттық әлем.** Заттардың (көкөніс пен жеміс) айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін,пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын, сипап сезу,дәмінкөру арқылытанудықалыптастыру.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.** Балалартұратынқалатуралыбілімдерінқалыптастыру, өзініңтуғанжеріне,Отанынадегенсүйіспеншіліксезімінояту.<br>**Өсімдіктерәлемі.** Туғанөлкеніңкейбіркөкөністерменжемістердің2-3 түріntанужәнеатау |
| **Шығармашылықдағдыларын,зерттеу іс-әрекетіндамыту** | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін атауға және қолдануғаүйрету |
| | **Сурет салу** | Әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер)заттарды бейнелеуге, қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынғанартық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызыпжіберіп бояуды үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектердіалақандарыныңарасындадомалату,есу,жаютәсілдеріарқылызаттардымүсіндеу(көкөніс пен жемістер). |
| | **Жапсыру** | Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу,жаймадағыдайынүлгігежағу,желімніңқалдықтарынсүртугемайлықтықолдануға үйрету. |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Музыкалықшығарманысоңынадейінтыңдауға,музыканыңсипатынтүсінуге үйрету.<br>**Ән айту**. Әнайтудағдыларындамытуғаықпалету:ре(ми)—ля(си)диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатынжеткізу(көңілді,созып,ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Музыканыңбасталуыменаяқталуынасәйкесқимылдардыорындау,қимылдардыөз бетінше бастаужәне аяқтау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.** Барабанмен таныстыру, әр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдау. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **Қараша айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**Шеңбер бойымен, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру;<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру;<br>**Жүгіру**.Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**Допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)еңбектеу;<br>**Секіру**. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру дағдыларын жетілдіру.<br>**Сапқа тұру.**Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апаруды; аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>**Қимылдыойын.** «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. |
| **Коммуникативтікдағдылар дыдамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, т-д) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.** Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (киім, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды жетілдіру.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**.Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | Әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздікқор.** Тұрмыстық заттардың, жиһаз, киімнің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға баулу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру;<br>**Шама.** Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**Дөңгелекпен таныстыру, көру тәсілдерімен аталған фигураны зерттеу.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды;<br>**Уақытты бағдарлау**. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін: күндіз-түнде бағдарлауды үйрету. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.** Киім, жыл мезгілдерінің айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануға баулу.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.** Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру.<br>**Өсімдіктерәлемі.** Ағаштардың, өсімдік бөліктерін тануға үйрету. |
| **Шығармашылықдағдылары,зерттеуіс-әрекетіндамыту** | **Құрастыру** | әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызу жәнеөзі құраған құрылысымен ойнауға баулу. |
| | **Сурет салу** | Дөңгелек пішінді (бұлттар, күн) заттарды бейнелеуде сурет салудың дәстүрден тыс техникасын пайдалануға қызығушылығын дамыту. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында есу, жаю, ширату тәсілдері арқылы заттарды (жиһаз) мүсіндеу. |
| | **Жапсыру** | Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруға үйрету |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Ән айту**. Әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіруге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Музыкалық аспаптарында ойнау.**музыкалық аспаптармен: қоңырау, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** __**Желтоқсан айы, 2023 - 2024 оқу жылы**__

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**Сапта бір- бірден, екеуден (жұппен) жүру;еденге қойылған заттардан аттап жүру<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**Қырлы тақтайдың бойымен жүру;<br>**Жүгіру**.Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру;<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату;<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**туннель арқылы еңбектеу;<br>**Секіру**.15-20 сантиметр биіктіктен секіруге үйрету<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен) үйрету<br>**Қимылдыойын.** Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізіп, ойнауға баулу. |
| **Коммуникативтікдағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (о) және дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.** Сөздік қорды заттарды жалпы (ыдыс, Отан) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен,жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.** Етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға;<br>**Байланыстырыпсөйлеу**.Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсінуді дамыту. қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздікқор.** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.** Бірдей заттарды салыстыру,кең-тар, бірдей шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды жалғастыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында<br>**Уақытты бағдарлау**. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін: күндіз-түнде бағдарлауды үйретуді жалғастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>**Заттық әлем.** Жиһаздарға, ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету<br>**Өсімдіктерәлемі.** Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер**.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау,қыс мезгілдегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға, топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)әрекет дағдысын қалыптастыру. |
| **Шығармашылықдағдыл арын,зерттеуіс-әрекетіндамыту** | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер қолдануды үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар) |
| | **Жапсыру** | Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйретуді жалғастыру, қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру, |

| | | |
|---|---|---|
| | | заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу) байқау.<br>**Ән айту**. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.**Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **Қаңтар айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**Сапта әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, тапсырмаларды орындау арқылы, заттарды айналып жүру;<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру.<br>**Жүгіру**.Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, шеңбер бойымен, тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіпжүгіру;<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалатуға;<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Саты бойымен өрмелеуге;<br>**Секіру**.Іленіп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіруге үйрету.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше;тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру.<br>**Қимылдыойын.** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру.<br>**Спорттық жаттығулар.** Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату |
| **Коммуникативтік дағдылард** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (а, ә, е) қайталату және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. |

| | | |
|---|---|---|
| ыдамыту | | **Сөздік қор.** Сөздік қорды заттарды жалпы (үй және жабайы жануар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды дағдыландыру.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**.Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулуды жалғастыру.<br>**Сөздікқор.** Тұрмыстық заттардың, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу**. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>**Шама.** Бірдей заттарды салыстыру, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында, жануарлар арқылы кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Уақытты бағдарлау**. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін, қысқы маусымдық ерекшеліктерді бағдарлау. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету<br>**Заттық әлем.** Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.<br>**Өсімдіктерәлемі.** Өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), қыс мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| | | |
|---|---|---|
| Шығармашылықда ғдыларын,зерттеуіс -әрекетіндамыту | **Құрастыру** | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуда қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерді созу, қосу, қысу, біріктіру тәсілдері арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту**. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.**Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруді жалғастыру. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **Ақпан айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**сапта бір- бірден, екеуден (жұппен) жүру; қол ұстасып, еденге қойылған заттардан аттап жүру<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру**.Алаңның бір жағынан екінші жағына тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру**.Тұрған орнында қос аяқпен сызықтан секіру.<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Қол саусақтарын жұму және ашу.Қолды жан- жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта), отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау жаттығуларын орындауды үйрету.<br>**Қимылдыойын.** Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Спорттық жаттығулар.** Шанамен биік емес төбеден сырғанау. |
| **Коммуникативтікд ағдылардыдамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты ( ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту<br>**Сөздік қор.** Аяқ киім, байланыс құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**.Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға,ересектермен бірге ертегілерде бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | **Қазақ тілі<br>(аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, өз бетінше кітаптарды қарауғабаулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Қазақ тіліне тән ә, ө, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздікқор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** Заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>**Шама.** Бірдей заттарды салыстыру, берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.<br>**Геометриялық фигуралар.**Геометриялық фигуралар ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын аныұтау: алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау**. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін үйрету |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. Өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу<br>**Заттық әлем.**Жануарларға, құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, олардың тіршілігі, пайдасы туралы түсініктерді меңгерту.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.** Еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктерәлемі.** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру,2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**Табиғат құбылыстарын маусымдық, жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу, анықтау. |
| **Шығар** | **Құрастыру** | Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған |

| | | |
|---|---|---|
| машылықда ғдыларын,зе рттеуіс- әрекетіндам | | құрылыспен бірге ойнату. |
| | **Сурет салу** | Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал етуді жалғастыру: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.**Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **Наурыз айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**Шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) жүруді жалғастыру<br>**Жүгіру**.Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіруді үйретуді жалғастыру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Туннель арқылы еңбектеу;<br>**Секіру**.Құрсаудан құрсауға секіру<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Заттарды бір қолынан екінші қолына салу; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>**Қимылдыойын.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Спорттық жаттығулар.**Велосипед тебуді үйрету |
| **Коммуникативтікдағды лардыдамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (о, ұ) және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br>**Сөздік қор.** Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.** Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**.таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын |

| | | |
|---|---|---|
| | | бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| | **Қазақ тілі<br>(аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздікқор.** Тұрмыстық заттардың, (киіз үй жиһазы) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу жалғастыру (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.** Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу<br>**Геометриялық фигуралар.**Көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Заттарға қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды үйрету: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау**. Жыл мезгілдерді ажыратуды үйрету |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. Отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттарға ұқыптылықпен, үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу<br>**МенiңОтаным–Қазақстан.** Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру<br>**Өсімдіктерәлемі.** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғатыру.<br>**Жануарлар әлемі.** Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру |
| **Шығармашылық дағдыларын,зерттеуіс-әрекетіндамыту** | **Құрастыру** | Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. |
| | **Сурет салу** | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру, дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. |
| | **Музыка<br>(аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйретуді жалғастыру.<br>**Ән айту**. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды дағдыландыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.**Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, қоңырау ойнау. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **Сәуір айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру<br>**Жүгіру**.Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру**.Тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>**Қимылдыойын.** Қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету<br>**Спорттық жаттығулар.**Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен тебуге үйрету |
| **Коммуникативтікдағды лардыдамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br>**Сөздік қор.** Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу**.Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Өзбетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,местуді дамытуды жалғастыру.<br>**Сөздікқор.** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйретуді жалғастыру<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу**.** |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіруді үйрету.<br>**Геометриялық фигуралар.**Ойын түрінде үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жалғастыру: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау**. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.** Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктерәлемі.** Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау<br>**Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту |
| **Шығармашылықдағд ыларын,зерттеуіс-әрекетіндамыту** | **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Сурет салу** | Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. |
| | **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру.<br>**Ән айту**. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше |

| | | |
|---|---|---|
| | | орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.**Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

**Білім беру ұйымы:** ЖШС «Медина»бөбекжай балабақшасы
**Топ**: **«Айгөлек»**ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **Мамыр айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру.**Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру**.Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру**.Үйренген секіру қимылдарын қайталау<br>**Сапқа тұру**Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпыдамытушыжаттығулар**. Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу ; аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан- жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта); отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Қимылдыойын.** Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар.**Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұрылып тебу. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтікдағдылардыдамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану<br>Байланыстырыпсөйлеу.Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта.** Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.** Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздікқор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету бекіту.<br>**Байланыстырып сөйлеу** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.** Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен фигуралар туралы білімдерін бекіту.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды бекіту: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау**. Жыл бойына алған білімдерін бекіту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Отбасы**. «Мен» бейнесін, құрдастарын, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық таныту білімдрін бекіту |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Заттық әлем.** Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын, заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді бекіту.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелері туралы білімдерін бекіту.<br>**МенiңОтаным–Қазақстан.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету, әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктерәлемі.** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануды бекіту.<br>**Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары, төлдері, Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар, табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін бекіту. |
| **Шығармашылықдағдылар ын,зерттеуіс-әрекетіндамыту** | **Құрастыру** | Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. |
| | **Сурет салу** | Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Жыл бойына үйренген мүсіндеу тәсілдерін қолдануды жалғастыру, бекіту жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Жапсыру** | Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Музыка (аптасына 1 рет)** | **Музыка тыңдау.** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, марш туралы, музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын түсіну, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білу және ажырату білімдерін бекіту.<br>**Ән айту**. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға дағдыландыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын, билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындау, музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдысын жітілдіру. Би қимылдарын орындау сапасын (кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру), заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар еркін дербес орындау баулу |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Музыкалық аспаптарында ойнау.**Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабан, сондай-ақ олардың дыбысталуы, музыкалық аспаптарда және меңгерген металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын қайталау. |